

А 2010  
21858к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ЗОРДАН  
САЛЫҚБАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ







“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің арғы-бергі  
ата-бабаларымыздың жүздеген  
буынының қалдырған өсиетін ақтап,  
мұраларын сақтап, молайта беру  
жолында топтасуға тиіспіз.*

**Н.Ә. Назарбаев**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ АЛМАНАХЫ

“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

*Біз өзіміздің арғы-бергі  
ата-бабаларымыздың жүздеген  
буынының қалдырған өсиетін ақтап,  
мұраларын сақтап, молайта беру  
жолында топтасуға тиіспіз.*

**Н.Ә. Назарбаев**

## Редакция алқасы

---

**Бердібаев Р., төраға**

**Алматов А.**

**Досжан Д.**

**Кәрібозұлы Б., жауапты редактор**

**Қасқабасов С.**

**Қоңыратбаев Т.**

**Момынбаев Б.**

**Оразбай И.**

**Оспан С.**

**Пірназар С.**

**Рахымбекұлы Ә.**

**Сейсекеева К.**

А 2010/21858к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

---

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

---

ЗОРДАН  
САЛЫҚБАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ӨЛЕҢДЕР, ӘНГІМЕЛЕР, ОЧЕРКТЕР ЖӘНЕ  
ОЙ ОРАМДАРЫ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ  
АСТАНА-2009

УДК 821.512.122 ✓

ББК 84 Қаз 7-4

С 18

*Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды*

**Пікір жазғандар:**

**Ғ. Тұяқбаев** – филология ғылымдарының кандидаты;

**К.С. Сарышова** – филология ғылымдарының кандидаты

**С 18 Салықбаев Зордан.**

*Шығармалары. Өлеңдер, әңгімелер, очерктер және ой орамдары.*

– Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.


**ISBN 9965-35-726-9**

Өмірден ерте кеткен сыршыл ақын, талантты прозашы, танымал журналист Зордан Салықбаевтың «Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған шығармалар жинағына Сыр перзентінің бірқатар өлеңдер топтамасы мен бұрын жарық көрмеген әңгімелері, очерктері, ой орамдары еніп отыр.

Өлеңдері арқылы ішкі жан сырын бүкпесіз жайып салатын ақынның әңгімелері мен очерктерінің басты тақырыбы ауыл өмірі, ондағы адамдардың тыныс-тіршілігі, бастарынан өткерген қым-қуыт оқиғалары болса, кейіпкерлері – күнде өзіңмен қатар жүрген ел азаматтары мен құрбы, замандастар.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

**С 4702250201**  
**00 (05)-09**




**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз 7-4**


**ISBN 9965-35-726-9**

© Салықбаев Зордан, 2009

© «Фолиант» баспасы, 2009



# ӨЛЕНДЕР





## ҚҰШТАРЛЫҚ

Өлең, саған мен әрқашан құштармын,  
Егер сені жаза алмасам, жасыман.  
Бірте-бірте қаламымды ұштармын,  
Жыр жазармын әлі талай тасыған.

Жырлаймын мен өмір жыры – еңбекті,  
Жек көремін сұм соғыстың ызғарын.  
Жырлаймын мен дүр сілкінткен жер-көкті  
Отанымның космонавт ұл-қыздарын.

Жырлаймын мен кең даланы жайқалған,  
Адамдардың қолдарымен өзгерген.  
Жырлаймын мен Еңбек Ерін майталман,  
Шаттанамын жақсы істерге көз көрген.

Сондықтан да, өлең, саған құштармын,  
Егер сені жаза алмасам, жасыман.  
Бірте-бірте қаламымды ұштармын,  
Жыр жазармын әлі талай тасыған.

## ӨМІР ЖАЙЛЫ ОЙ

Бұл өмірге келгенім жоқ текке мен,  
Одан алар сыбағам бар ештеген.  
Оған берер борышым бар көптеген.  
Алдымда әлі асулар көп өтпеген,  
Алдымда әлі биіктер көп жетпеген.

Солай қарай жүрек тулап, бұлқынып,  
Қиындықтан бір сүрініп, бір тұрып,  
Жүріп келем тек ілгері ұмтылып,  
Қарсы алдымнан қарағандай күн күліп,  
Жайнап келем жазғы күндей құлпырып.

Өмір жолы – қилы-қилы шатқалаң,  
 Әр шатқалдан өткен сайын шаттанам.  
 Аялдамай тағы да алға аттанам,  
 Осы жолда жолаушы бар әр түрлі!..  
 Адалыңа жан сырымды ақтарам.

Озбыр жанға мейірімсіз кектенем,  
 Өмір – ұстаз, сабақ алам көптеген.  
 Туған елге – алып, зәулім сарайға  
 Бір кірпіш боп қалансам-ау деп келем,  
 Бұл өмірге келгенім жоқ текке мен.

### УАҚЫТ

Мен әзір жұмыртқамын шайқалмаған,  
 Бойымда қасиет көп байқалмаған.  
 Ойымда өсиет көп айта алмаған,  
 Уақыт қана бағасын айтар маған.

Барлығы –  
 Алып қайрат, алып шыдам  
 Уыз қауыз ішінде талықсыған.  
 Уақыт, тербет мені балапандай,  
 Бір күні қабығымды жарып шығам.

### МІНЕЗІМ

Ұнат мейлің, ұнатпа сен, сүйіктім,  
 Бойымдағы бір мінезім – тұйықпын.  
 Тыңдап сөзін ақ сақалды атаның,  
 Таусылмас бір терең ойға батамын.  
 Тыңдап сөзін абыройлы ағаның,  
 Сабыр сақтап, сөз аяғын бағамын.  
 Тыңдап өткір өзілдерін жеңгенің,  
 Үнсіз ғана мойындауға көнгенмін.  
 Тыңдап кейде отырғанда інімді,  
 Көрем одан бойымдағы мінімді.  
 Осылайша тыңдасам әр адамды,

Үйренемін, нық басамын қадамды.  
Бірақ менің сөйлейтін де кезім бар,  
Менде тіл, менде де ой, сезім бар.  
Естігенде улы тілін құрдастың,  
Үнсіз-түнсіз, қарап қана тұрмаспын.  
Қыздар болса сөзбен жеңбек нар талап,  
Алып қайтар сыбағасын арқалап.  
Достарыма тек жақсы сөз сый еткем,  
Жауға айтарым өтер, бәлкім, сүйектен.  
Сөзім менің – өзім менің, жан сырым.  
Сондықтан да көбік сөзге қарсымын.

### ШЫҢҒА ҒАНА ӨРЛЕЙМІН

Бізбен қатар қол ұстасып келе жатыр қиындық,  
Жүрген жерін жіберетін алай-түлей құйын ғып.  
Мен – бір жаңа жапырақ жайған әлсіз ғана тал шыбық,  
Қиындықпен алысамын қара терге малшынып,  
Сол қиындық кейде мені майыстырып кетеді,  
Сол қиындық қабырғамды қайыстырып кетеді.  
Қайыссам да, қайырылмаймын, майыссам, да сынбаймын.  
Қиындықпен алысудан бір сәтке де тынбаймын.  
Көп айқаста біресе ол, біресе мен жеңілдім,  
Ол болмаса білмес те едім не екенін жеңілдің.  
Меніменен алысуға келе берші, қиындық,  
Жеңем сені, жеңісімді тартам елге сыйым ғып.  
О, қиындық, өзіңменен кішкентайдан бірге өскем,  
Сен болмасаң күресуді, тіресуді білмес те ем!

### ӘН

Бұрқаған тозаңы ма ең тұлпарлардың,  
Шырқаған наз әні ме ең іңкәрлардың?!  
Жігіт пе ең кеудесінен жалын атқан,  
Үміт пе ең қара тасты жарып аққан?!  
Әлде сен арыстан ба ең айға ұмтылған,  
Адасқан жолаушы ма ең алдың тұман?!  
О, досым, әнді шырқап, күйді борат,  
Ән – менің жүрегіме сыйлы қонақ.

## СЕНІМ

Мен сенемін бақыт бар деп алдымда,  
Мен сенемін құриды деп зар-мұң да.  
Мен сенемін – жұмыр жерді қозғауға  
Күші жетпес тоқсан тоғыз балдың да.

Мен сенемін жасармын деп бір ғасыр,  
Мен сенемін асармын деп түрлі асу.  
Сену керек, сенім керек бәріне,  
Керек кейде өмір жайлы сырласу.

Неге жүрсің нұрлы өмірде осынау,  
Болашаққа сенбес болсаң, досым-ау?  
Бақытыңа ең әуелі сене біл,  
Күресе біл, керек және жасымау.

Ал мен арман, сенімменен бірге өсем,  
Қиялымда жұлдыздармен тілдесем.  
Неге жүрмін, жүріп маған не керек,  
Бақыт күткен ертеңіме сенбесем?!

## КЕУДЕМНЕН САПЫРДЫМ КЕН

Мен баймын, батырмын мен, ақынмын мен –  
Кеудемнен сары алтындай сапырдым кен.  
Атамнан қалған мүйіз алақанмен  
Қиялдан шындық жасап жатырмын мен.

Сөзімнің сазын аңдар, назын аңдар  
Еліме еркелеймін, базынам бар.  
Көлденең көк тиынның керегі жоқ,  
Мың жылға таусылмайтын қазынам бар.

Алдымда қанша күн бар, қанша түн бар:  
Адал еңбек, тек сендер шаршатыңдар,  
Асқақ арман, тек сендер аңсатыңдар!  
Өзіме-өзім берген мансабым бар.

Арғымақ қарқынындай қарқыным бар,  
Найзағай жарқылындай жарқылым бар.  
Ешкімнен байлық, дәулет сұрамаймын,  
Мың жылға жететұғын алтыным бар.

Мен баймын, батырмын мен, ақынмын мен –  
Кеудемнен сары алтындай сапырдым кен.  
Атамнан қалған мүйіз алақанмен  
Қиялдан шындық жасап жатырмын мен.

### АЛҒАШҚЫ ҚАР

Көгілдір көбелектен мүлде бөлек  
Ұшып жүр ақ қанатты мың көбелек.  
Төменге топырлап кеп қонып жатыр,  
Жер бетін сүттей аспақ гүлге бөлеп.

Жер беті – ақ қанатты көбелек-гүл,  
Аспаннан күміс ұнтақ себелеп түр.  
Көркем сурет көрмесі – табиғаттан  
Осындай сурет көрдім керемет бір.

### ТҰЛЫП

Сүйкімді жап-жас бұзау өліп еді,  
Иесі тұлып қылды телігелі.  
Тұлыпты көрді-дағы қасқа сиыр,  
Ұмтылып, қайта-қайта мөңіреді.  
Жалады, иіскеді, еміренді,  
Жайланып қалды сол сәт көңіл енді!..  
Кенеттен қып-қызыл боп көз жанары,  
Қып-қызыл болып кетті төңірегі.  
Өксіді, ана кеуде еңіреді,  
Өкіріп, үстін-үстін мөңіреді.  
Тұлыпты парша-парша қақыратты...  
Ох, неткен аянышты өмір еді?!

## АЛТЫН САНДЫҚ

*«Кеудесі жақсылардың – алтын сандық».*  
*Халық өлеңі*

Кім білсін, қабыл болып баталарың,  
Мен, бөлкім, ел ағасы атанармын.  
Егер мен екі адамды бітістірсем,  
Сендерге борыштымын, аталарым.

Жасымнан ізгілікті іздедім мен,  
Ізгілік байқалса егер іздерімнен,  
Мен оны таптым әр кез, әлдилеген  
Әжелер, әжім басқан жүздеріңнен.

Ар жоқ қой, ақыл жоқ қой ақшаға алар,  
Асыл гүл бола қойса, бақшада бар.  
Менде егер жан сүйсінер қылық болса,  
Сендердің арқаларың, жақсы ағалар!

Жоқ менің артық айтып, кем берерім,  
Жасанды мінезім жоқ емге менің.  
Жағымды, жарасымды өзіл білсем,  
Сендерге қарыздармын, жеңгелерім!...

Есейткен жақсы үмітпен аға қанша,  
Мейірі тас жібіткен ана қанша?!  
«Кеудесі жақсылардың – алтын сандық»,  
Алдым мен сол сандықтан қалағанша.

## ТҮЛПАР

Жұрт аузына аңыз болып тараған,  
Тұлғасына таңдай қаққан бар адам,  
Бір кісінің болған екен жел жетпес  
Арғымағы бауырынан жараған.  
Бар керемет сол тұлпарда тұрғандай,  
Торқалы той тарқамады ол бармай.  
Той дегенің иесінің тойы емес,  
Сол тұлпардың қошеметі болғандай,

Бір күндері сол арғымақ қартайды,  
Біреуге мал, ал біреуге – жан қайғы,  
Иесіне басқа қайғы қайғы емес,  
Тұлпарының қартайғаны – бар қайғы.  
...Кәрі арғымақ шаңға аунап жатқан-ды.  
Баяғыда-ақ тұлпар деген ат қалды.  
Сол арада ұлан-асыр той болып,  
Мың сан жүйрік бақ сынауға аттанды.  
Қасқа жолды дүбірлеткен тұяқтар  
Қалғып жатқан арғымақты оятты.  
Малдың-дағы намысы бар сияқты,  
Қара жолды дүрсілдеткен тұяқтар  
Қақ маңдайдан теуіп кеткен сияқты,  
Қара жерге көміп кеткен сияқты,  
Көкіректен басып өткен сияқты,  
Тағдыр соны нәсіп еткен сияқты.  
Кәрі арғымақ дүрбелеңге ұмтылды,  
Ұмтылды да, бір жығылып, бір тұрды.  
Кете барды өз-өзінен қосылып,  
Атақ-даңққа алда ауыр сын тұрды.  
Шаба берді, шаршы топтан қалмады,  
Бірте-бірте сирей берді алдағы.  
Көз ұшында көлбеңдеді қарақшы,  
Жетіп барып өлу болды арманы.  
Қара тер боп басы, көзі, құлағы,  
Қарақшыдан өтіп барып құлады.  
Құлады да, сол жатқаннан тұрмады,  
Қарап тұрған қариялар жылады.  
Тұлпарларға тіл тигізу бекер ғой,  
Хас тұлпарлар бәйгеде өледі екен ғой.

### ШАБЫТ

Домбырамын ішегі тағылмаған,  
Кезім қайда лапылдап жалындаған,  
Сезім қайда бұрымдай бұратылған,  
Шақ қайда шапшып көкке жыр атылған?!  
Қайдасың тұлпар шабыт алқынбаған,  
Қайдасың сұңқар шабыт шаңқылдаған?!

Қыздардың кеттің бе әлде жанарында,  
 Қия алмай сонда мені қарадың ба?!  
 Әлде сен ақша қар боп еріп кеттің,  
 Әлде қырдан қызғалдақ теріп кеттің?  
 Көз жасы боп тамдың ба күрсінгенде,  
 Сағыныш боп сапарда жүрсің бе әлде?!  
 Арудың жанарынан сені іздеймін.  
 Достардың қабағынан сені іздеймін.  
 Сені іздеймін тәкаппар тауға қарап,  
 Сені іздеймін бұраң бел бауға қарап.  
 Әлде бұл назың ба еді, өкпең бе еді?  
 Жүрсің сен жерден биік, көктен бері.  
 Мінеки, жиырма алтыншы көктем келді,  
 Сен маған келмей кеттің көптен бері.

### ҚАЗАҚ БИ

Етегі ақ көйлектің көлбеңдеген,  
 Ақ желбір – алма ағаштар атқандай гүл.  
 Жеп-жеңіл көтеріліп жерден денең,  
 Ауада қалқып бара жатқандай бір.

Ақша бұлт көк аспанда көшіп-қонып,  
 Оранды ақ жалынға мақпалдай қыр.  
 Жас ару ақ көйлегін шешіп болып,  
 Жарқ етіп шымылдықты жапқандай бір.

Кеудең – көрік басылып-көтерілген,  
 Нұр толқып аппақ жүзің шырайланды.  
 Бұрмелі ақ көйлектің етегімен  
 Сұлулық көз алдымда шыр айналды.

### СЕН БИЛЕДІҢ

Мен отырдым қолыма домбыра алып,  
 Сен биледің толықсып, мың бұралып.  
 Құлағы бар, көзі бар әр адамның  
 Көкірегіне көгершін қонды барып.



Мен отырдым қиялға жете алмастан,  
Сен биледің алдымнан кете алмастан.  
Көкірегімді кернеген сел-сезімнен  
Қақ жарылып, қақырап кетер ме аспан?!

Мен отырдым әл кетіп буынымнан,  
Сен биледің жел есіп бұрымыңнан.  
Көп табыла бермес-ау осындай сәт.  
Менің тұсау бойындай ғұмырымнан.

Мен отырдым көркіңнен көз алмастан,  
Ақыл-сезім арбасып тез алмасқан,  
Жанарымнан жарқ еткен найзағайды  
Кеттің бе сен, кеттің бе сезе алмастан?!

### АҚ СӘУЛЕ

Ақ сәулешім, сенің әсем күлкіңнен  
Көрем ылғи бақытымның кілтін мен.  
Жанарыңнан жасты көрсем іркілген,  
Жаным менің жанартаудай сілкінген.

Өзіңменен бірге жүрсем тек қызық,  
Самал желге бетімізден өпкізіп,  
Талай түнді сырласумен өткізіп,  
Жүре берсек, көре берсек көп қызық.

Шырқай берсек махаббатты ән қылып,  
Дауысымыз жатсын дәйім жаңғырып.  
Қос жүректің алаулаған жалыны  
Жана берсін, жана берсін мәңгілік!

### ЭЛЕГИЯ

Қос терекке достар еккен  
Жүруші едік жеке келіп.  
Бата алып ек қос теректен,  
Қосылып ек некеленіп.

Аспан еді баспанамыз,  
Көк шөп еді төсегіміз.  
Тоғай еді астанамыз...  
Енді жұрттың өсегіміз...

Білек еді жастығымыз,  
Жапырақтар көрпе болды.  
Мықты-ақ еді достығымыз,  
Айырылысу ерте болды.

Періштем ең ақ қанатты,  
Жаманшылық сезбеген ем.  
Сенің көзің жаққан отты  
Қимаушы едім өзгеге мен.

Қасиетіңді сезе алдым ба?  
Жатушы едік құшып бетті.  
Енді бүгін көз алдымнан  
Сол бір дәурен ұшып кетті...

## БЕЛГІСІЗ ҚЫЗДЫҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

### I

Сағындым... Сағындым мен қыз күнімді!  
Ешкімге ұстатпаған тізгінімді.  
Қолыңнан тізгін кетсе, қыз күн кетер,  
Сонан соң жапырақсың күзгі күнгі.

Көңіл де қыз күнімде жүз құбылды,  
Пейіл де олай-бұлай жүз бұрылды.  
Әйтсе де аңқау басым бір жігітке  
Аңдамай ұстатыппын тізгінімді...

### II

Сен менің таптадың да пәктігімді,  
Қайырылмай тастап кеттің, талақ еттің.  
Сен менің бақытымды, шаттығымды  
Қалдырмай өзіңменен ала кеттің,  
Мен қазір – қарабетшін.

Бәрін де ала кететін өзіңменен  
Күндерім өтіп жатыр күрсінуге,  
Түндерім өтіп жатыр көз ілмеген  
Жүректің дүмпуінен, дүрсілінен.  
Мен саған шын сеніп ем...

Мен енді басқа ұяға қонсам-дағы,  
Өзіңді өмір-бақи ұмыта алман.  
Өзгеге сүйікті жан болсам-дағы,  
Саған деген жүректі суыта алман.  
Мен сені ұмыта алман...

### III

Ұмыттым... Ұмыттым ғой енді бәрін,  
Белбеуге түйіп алдым беттің арын.  
Бұл күнде жатсам-тұрсам ойлайтыным –  
Жаңылыс басылмағай ендігі адым.

Бұл күнде көп жігітке ұнап жүрмін,  
Бірақ мен әрқайсысын сынап жүрмін.  
Ендігі жалғыз тілек – тағдырымнан  
Бір аңқау, момын жігіт сұрап жүрмін.

### ЭКСПРОМТ

Кербез ғой күлген күлісің,  
Маңғаз ғой жүрген жүрісің.  
Біреудің, бөлкім, күнісің,  
Біреудің, бөлкім, гүлісің.

Жақпайды-ау маған бір ісің,  
Әйтеуір, жүрсің, тірісің.  
Құрсыншы, не деп жазғырам,  
Қалқиған көптің бірісің.

## ҚАЙДА

Күн қайда өзінменен бір өткізген,  
 Үн қайда жүрегімді дір еткізген?  
 Түн қайда, қайда сол бір сұлу түндер,  
 Кеудемде тәтті арманды түнеткізген?

Ай қайда төбемізде жарқыраған,  
 Тал қайда жапырағы қалтыраған?  
 Көктегі күміс моншақ жұлдыз қайда,  
 Көл қайда ақ айнадай жалтыраған?

Таң ата талай кірген қақпа қайда,  
 Ол бізді жоқтай ма, әлде жоқтамай ма?!  
 Отырмын ұзақ таңға кіршік ілмей,  
 Еріксіз оралады өткен ойға.

## СҰЛУ СЫР

Самалменен сөл ғана толқып қалып,  
 Қалқытып қаз-үйректі қолтыққа алып,  
 Сұлу сыр бір әсем би бастап кетті,  
 Майысып, бұралаңдап шалқып барып.

Тал тұрды жағалауда таңдай қағып,  
 Тамсанып көз құмары қанбай қалып.  
 Мен тұрдым сезімнің бір ғажап аты  
 Кеудеде жана жаздап, жанбай қалып.

## ТҮНГІ БАҚТА

Тәтті ұйқыны ұмыттырған,  
 Сыбдырымен сыр ұқтырған,  
 О, жасыл бақ, о, айлы түн,  
 Сұлулыққа тұнып тұрған.

Жайқалады жапырақтар,  
 Самал желмен шайқалады:  
 Қалғып тұрған атырапқа,  
 Асқақтата айтады әнін.

Жапырақтар дірілдейді,  
Уілдейді жас баладай.  
Жымыңдайды, күлімдейді,  
Сығалайды аспаннан ай.

Нәзік дене бұлқынбайды,  
Ерке күлкі сыңқылдайды.  
Сыңқылдайды, бір тынбайды,  
Мүмкін, бақыт, мүмкін, қайғы.

Таңғы ауа тұнық қандай?!  
Жұтқан сайын құныққандай,  
Бақ ішінде егіз дене  
Бар дүниені ұмытқандай.

### ЖҮРЕК СЫРЫ

Сырым бұл айтылмайтын басқа жанға,  
Көмулі кеудемнен де әріректе.  
Сыймайды теңіз суы тостағанға,  
Сыймайды махаббатым конвертке.

Сырымның көмейіме кептелгенін  
Өзіңмен кездескенде ақтарармын.  
Дәл қазір талай-талай дәптерлердің  
Бүлдірдім бостан-босқа ақ парағын.

Жүрегім саған ғана бағынышты,  
Тұрса да маған ғана қан таратып.  
Тек саған, саған деген сағынышты  
Жібердім ақша бұлтқа арқалатып.

Бас білмес асау тентек сезімімді  
Қос қолдап кеңірдектен сығымдадым.  
Тек саған, саған деген сезімімді  
Құйынның құлағына сыбырладым.

Сырым бұл айтылмайтын басқа жанға,  
Сендік ол, сақтаулы тым әріректе.  
Сыймайды теңіз суы тостағанға,  
Сыймайды махаббатым конвертке.

## МЕН САҒАН АҒА БОЛАМ

Шынар ма ең шынды жарып асқарға өскен,  
 Мұнар ма ең шырқ айналып аспан көшкен?!  
 Мұхиттың дауыл күнгі толқынындай,  
 Көңілім алай-түлей, астан-кестең.

Жас көңіл биге құмар, жырға құмар,  
 Жастықта өсем өннің ырғағы бар.  
 Шығандап шырқау көкке көтеріліп,  
 Жас көңіл құласа да шыңға құлар.

Жас көңіл гүлге құмар, баққа құмар,  
 Не айтса да ақ жарылып ақтарылар.  
 Жастықтың жай оғындай жарқ-жұрқ етіп,  
 Бір сүйсе, құлай сүйер шақтары бар.

Сен маған сол сезіммен қарадың-ау,  
 Мен сені қимаймын ғой, қарағым-ау!  
 Тойымсыз мас көңілді тұншықтырып,  
 Мен, сірә, ағаң болып қаламын-ау.

## КІМ БІЛГЕН

Кім білген?! Ол жастықтың айыбы ма?  
 Бармаппыз көп нәрсенің байыбына.  
 Аттаңдың сен бір жаққа, мен бір жаққа,  
 Тағдырдың отырып ап қайығына.

Өтті жылдар! Бұл күнде бәрі өзгерген!  
 Сен екеуміз шырқайтын ән өзгерген.  
 Түні бойы жұп жазбай қыдырыстап,  
 Таңды да атырмаймыз көрер көзбен.

Бәрі өзгерген! Мақсат та, арман басқа,  
 Бұл күнде ондағыдан талғам басқа,  
 Алданамыз ол кезде алданбасқа,  
 Кейде сәлемдесеміз жалған досқа.

Ақын емес екем мен сөз зерлеген,  
Сен де сұлу емес ең көз көрмеген,  
Көңіл екен. Ойласам, жалғыз ғана  
Сол күндердің елесі өзгермеген.

Ат арытып, аулыңа бармасам да,  
Атыңа арнап, хат жазып салмасам да,  
Кейбір кезде түсімде сені көрем,  
Сен мені ойлайсың ба анда-санда?

### АЛМАТЫ ТҮНІ

Қызыл жарық, жасыл жарық, ақ жарық —  
Алматыда түннің өзі жап-жарық.  
Әрлі-берлі ағылады таксилер,  
Кең көшені қанатымен қақ жарып.

Түнгі Алматы. Қозғалыс бір тынбайды,  
Көк теректер көше шуын тыңдайды.  
Бұлақ-арық жас сәбидей былдырлап,  
Тасқын сезім көкірегіңе сыймайды.

Әсем қала, кербез қала, нұр қала,  
Аяғыңды басасың сен ырғала.  
Сиқыр сәуле, сұлулыққа мас болып,  
Көз алдында көлбеңдейді гүл дала.

### АРБАҒА ЖЕККЕН АРҒЫМАҚ

Парктің ішкі алаңы,  
Ауыздық шайнап арқырап,  
Олай да, бұлай шабады  
Арбаға жеккен арғымақ.

Шабысын қара өрлеген,  
Танауын қара делдиген.  
Еркінше демеп делбемен  
Мұртты еркек отыр өңкиген.

Ұрмайтын кезде ұрады,  
Бұрмайтын кезде бұрады.  
Жануар осқырынады,  
Ербиіп екі құлағы.

Қоңырау үні шылдырап,  
Алқымын ашу буады.  
Көзінің алды бұлдырап,  
Терісін термен жуады.

Ұмытқан жалпақ даланы  
Ақ бақай қара арғымақ.  
Тиеп ап бір топ баланы,  
Міндеті – әсем қарғымақ.

Алдындағы аттан көз алмай,  
Балалар мәз боп шулайды.  
Қорлыққа мынау төзе алмай,  
Тұлпардың қаны тулайды.

Еріккен ерке балаға  
Ойыншық болған бейшара!  
Қолтығын жазып далаға  
Шаба алмаған соң, не шара!

### СЕЗІМ

Кейбіреудің жүрегі  
Тау суындай сарылдап,  
Асау аттай арындап,  
Ұшқын түссе бар болғаны  
Жанғалы тұр жалындап.

Кейбіреудің жүрегі  
Бейне болат мұқалмас,  
Бейне құрыш жұқармас.  
Ұшқын емес, шоқ салып  
Үрлесен де тұтанбас.